

Қазіргі кездегі қазақ тіліндегі мәдени-тарихи жаңа тенденциялар

Мақсаты: Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа тенденциялар мен технологияларға талдау жасау. Заманның дамуы мен тілдің жаңа деңгейге көтерілуі, ақпараттарды қазіргі қоғам талабына сай жеткізілуі секілді мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: жаңа тенденция, жаңа технология, әдіс-тәсіл, құндылық, мәдени өрлеу, мәдени тіл, сайт, цифрлық заман.

Қарастырылатын мәселелер:

1. Мәдени өрлеу және жаңа тенденция.
2. Тілдегі жаңа тенденциялар туралы ғалымдар пікірлері.

Мәдени өрлеу мәселесін шешу мәдениеттің табиғатын түсінуге, оны ұғыну сипатына, мәдениеттің тарихи дамуының бай материалын түсінуге байланысты болады. Мәдениеттануда мәдениеттің аз жетілген түрінен толық жетілген түріне даму бағыты ретінде өрлеу (прогресс) проблемасына екі негізгі тәсіл бар.

Бірінші тәсіл оның құндылықтарын байыту, адам өмірінің барлық формаларының дамуы ретінде мәдениеттің даму кезеңдерінің ауысуына сүйенеді. Осы тәсіл шеңберінде мәдениеттің көптеген формалары мен типтері олардың бар айырмашылықтарына қарамастан адамзаттың рухани және материалдық-өндірістік дамуының біртұтас линиясын құрайды және мәдениеттің өрлеуін оның табиғатының біртұтастығы және мәдени алуан түрлердің бірлігі ретінде қарастырады.

Екінші тәсіл мәдени өрлеудің болуын біртұтас мәдениеттің үдемелі дамуы ретінде күмән келтіреді, ол оны әр түрлі типтерін жергілікті, автономды, өзінің өмірлік циклі ретіндегі, бір-біріне сай емес мәдени жүйелердің инварианттары ретіндегі түсініктен шығады. Бұл оларды салыстыру мүмкіндігін тарылтады, ол өрлеуді “өз мәдениеті” шеңберінде түсінуді, оның даму циклілігін түсінуді шектейді.

Мәдениеттің өрлеуі туралы мәселе – бұл қоғамның үдемелі тарихи дамуындағы мәдениеттің элементтері мен құндылықтарының сабақтастығы, жеке елдерде, халықтар мен қоғамдастықтарда адамның дамуының әр түрлі тарихи кезеңдері мен дәуірлерінің өзара қатынастары туралы мәселе.

Қазіргі таңда қазақ тілін дамыту бағыттарының ішінде үш үрдіс қуантады, ол жастардың осы іске белсенді кірісуі, тілді дамыту үшін интернеттің мүмкіндіктерін пайдалану және жаңа технологиялар арқылы бүкіл халықтық сипат алуы. Мұндағы ең бастысы, әлбетте, қателік табу, сынау емес. Сол кемшіліктердің себептерін жою немесе оларды болдырмау тәсілдерін, технологиясын табу маңызды.

Қазіргі 21 ғасырдағы цифрлық заманның басты ерекшелігі – ақпараттың берілуі түрлі смартфондар арқылы технологиялық шешімдерін тапты. Осындай кезде жаңа технологиялар саласындағы қазақ тілінің тағдыры қатты мазалайды және ол тек бізде ғана емес, дамыған елдердің өзінде талқылануда. Жаңа технологияларды орыс немесе ағылшын тілінде, португал тілінде қалай сөйлете аламыз деген ойлар көп айтылады. Техниканың даму қарқыны өте жылдам, қазіргі әлем елдері бойынша бір жылда шығатын ақпараттың көлемі бүкіл адамзаттың осы уақытқа дейін жинаған ақпаратынан анағұрлым көп. Және ол жылда өсе береді, тиісінше тілдер арасындағы бәсекелестік те одан сайын өршіп барады. Бұл трансформация тілдің табиғатына ғана емес, оның қолдану аясына да

қ
а
т
т
ы

ә

Айдос Абдықалықов «Қазақ тілін оқытуда ұлттық стандарттардың ролі», Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті кафедра меңгерушісі Арай Жүндібаева «Қазақ тілін тілін оқытуда қолданылатын кейс және технология түрлері», Қызылорда облысының Тілдерді оқыту орталығының оқу-әдістемелік бөлім басшысы Әсел Бақытова «Мемлекеттік тілді оқытуға арналған әдістемелік құралдар: мазмұн мен сапа.

Дәулет Әшімхан: – Мемлекеттік тілдің мәртебесі, оның дамуы қазақ тілінің бүкіл салада басқа тілдермен тең қолданылуына, сапасы мен сауаттылығына тығыз байланысты. Және де бұл мәселелер ана тіліне жанашыр әрбір азаматты толғандырады. Біз де осы қазақстандық қоғамның бір мүшесі ретінде ана тіліміздің дамуына үлес қосу үшін жаңа бастама көтеріп, «Til-audit.kz» сайтының қызметін бастадық. Яғни, сайттың мақсаты интернет-ресурстардағы мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, сапасын көфйтеру, сауатты жазылуын заңдарға сүйене отырып талап етуді көздейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттық технология жетістіктерін қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, тілі мен ділін жаңғыртуға қалай пайдалануға болады деген сұрақтар да өзектіленіп отыр. Олай болса, осы саладағы қазақ тілінің жай-күйін, оң үрдістер мен кемшін тұстарын саралап, ашық айту, жақсарту жолдарына жөн сілтеу бәріміздің міндетіміз.

Дос Көшім: – Қазіргі таңда қазақ тілін дамыту бағыттарының ішінде үш үрдіс қуантады, ол жастардың осы іске белсенді кірісуі, тілді дамыту үшін интернеттің мүмкіндіктерін пайдалану және жаңа технологиялар арқылы бүкіл халықтық сипат алуы. Мұндағы ең бастысы, әлбетте, қателік табу, сынау емес. Сол кемшіліктердің себептерін жою немесе оларды болдырмау тәсілдерін, технологиясын табу маңызды.

Жалпы, Қазақстанда кез келген ақпарат алдымен қазақ тілінде жазылуы тиіс, ал оны орыс тіліне аудару міндетті емес. Орыс тілді халық жаңағы мәселеден хабардар болғысы келсе, өзі іздеп табады. Осы тұрғыда біздің бұрынғы кеңес үкіметінен қалған ауруымыз бар, – министрліктерден бастап төменгі мекемелерге дейін аудармамен ауырамыз. Аударма деген нәрсені ұмыту керек. Әр нәрсені өз атымен атаған дұрыс.

Қазақ тіліне қатысты жоғары деңгейдегі мәселелерге ұмтылатын уақыт келді. Президентіміз БҰҰ-да қазақша сөйледі. Енді, біз де соны іліп әкетуге тиіспіз. Әлі сол баяғы дүңгіршектердегі, маңдайшадағы жазулармен жүре бермей, енді дипломатиядағы қазақ тілі, қаржы саласы, құжаттар, сыртқы саясаттағы қазақ тілі мәселесімен айналысу қажет. Сондықтан, жаңа технологиялар, аудит негізінде басталған жұмыстарды аяғына дейін жеткізу қажет. Бәріміз бір бағытта – стратегиялық бағытта жұмыс істеп үйренуіміз керек. Әйтпесе, жеке-жеке жамырап істеген жұмыс нәтижені аз береді, бұған көзіміз әбден жетіп болды.

Дина Имамбаева: – Қазіргі ғылым мен техниканың даму қарқынына қазақ тілінің ілесе алмай қалу қаупі бар. Ол үшін тілге деген сұраныс болуы тиіс. Осыдан бір ғасыр бұрын Алаш қайраткерлері: «Тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу» деп, әліпби жасап, термин мәселесін қолға алған еді. Бүгінгі 21 ғасыр басында бұл тақырып әлі де күн тәртібінен түспей отыр. Ал, енді бір ғасырдан кейін бұл мәселенің мүлде қойылар-қойылмасы екіталай, өйткені, алдағы бірнеше онжылдықта тіл тағдыры ұлт тағдырының құрамдасы ретінде біржақты шешімін таппақ. Ал, оның оң немесе теріс шешілуі ұлттық атаулының басты шарты – тілдің қол-данан аясына тікелей байланысты.

«Til-audit.kz» сайтының қызметі барысында көз жеткізгеніміздей, жоғары технологиялар ғана емес, экономика, бизнес, кәсіпкерлік саласында да қазақ тілі қағажу көруде,

салғырттық, немқұрайдылық басым. «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды» деген Жүсіпбек Аймауытұлының сөзі тегін емес. Ұлттық экономикамыздың көсегесі көгермеуінің бір себебі де осында емес пе деген ой қылаң беруі заңды. Өз ана тілін меңгермеген, өз халқының әдеби-мәдени мұрасынан тыс қалған қаржыгер, экономист, бизнесмен ұлтқа қызмет етеді деп айта аламыз ба?